

Ортаңғы топ.	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі	№35				
Күндері	11.05 -13.05.2022				
Өтпелі тақырыптың атауы	Көктемгі егістік / Весенние работы / Spring sowing				
Мекеменің атауы, тобы	Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы				
Педагогтің аты-жөні	Дүйсенбева Н.Ж				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналарға "Үйде балаларға не оқуға болады?" тақырыбында кеңестер беру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)			"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сұрту іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)			Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Кім бәрінен мұқиятты?" Мақсаты. Баланы теріс қаратып, өз киіміңіз немесе бөлмедегі заттар туралы сұрау.	"Түрлі-түсті жолақта" дидактикалық ойыны. Мақсаты: түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу.	"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны. Дидактикалық міндеті: жабайы және үй жануарлары туралы баллардың білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу. Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады. Ойын әрекеттері: зейінді болу, өз суретін уақытында қою, жүрісін өткізіп алмау.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар Бір дегенің - бас бармақ, Барлық істі басқармақ. Екі дегенің - балалы үйрек, Ақ қағазға салады ирек. Үш дегенің - ортаң терек, Еңбек өтіп, болған зерек. Төрт дегенің - шылдыр шүмек, Тілі тәтті былдыр түлек. Бес дегенің - кішкене бөбек, Үлкендерден үйрене бермек.				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Кел, кел, кел, кел! Құңгірт болмандар, кастрөлдер, Шуламаңдар, ысқырмаңдар, Тәтті ботқаны пісіріңдер. Тәтті ботқаны пісіріңдер, Біздің балаларға тамақ беріңдер!				
Ойындар, оқу қызметіне	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				

дайындық			Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Армысың асыл күн, Армысың асыл жыр. Армысың көк аспан, Армысың достарым, Жылуыңа жылу қос, Міне менің қолым!	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Жарық болса күніміз. Жарқын шығар үніміз. Елін сүйіп ержетер, Біз болашақ гүліміз!	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Армысың, асыл күн! Армысың, асыл жыл, Армысың, көк аспан! Армысың, жан досым! Жылуыма жылу қос.
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ			Дене шынықтыру "Шаршағанымызды басайық". Мақсаты. Балаларда баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру; қимылды ойындар арқылы допты тура нысанға оң және сол қолмен тік нысанаға көздеп лақтыру; еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеу дағдыларын дамыту. <i>"Құрсаудан өт" қимылды ойыны.</i> Вариативті компонент/Шығармашылық "Көк қанатты көбелек". Мақсаты. Балаларды көбелекпен таныстыру; көбелектің тіршілігі жөнінде ұғымдарын кеңейту; жәндіктердің табиғатта алатын орны туралы түсінік беру. <i>"Көбелек"саусақ жаттығуы.</i>	Құрастыру "Құлыншақ". Мақсаты. Балаларды дөңгелек пішінді қағазды тең, екі жарты бөлікке бүктемелеу амалына бейімдеу; құлыншақ бейнесін қарындашпен жалын, көздерін, аузын салу арқылы толықтыруға дағдыландыру. <i>"Құлыншақ құрастырайық" іс-тәжірибе жаттығуы.</i> Музыка "Дән терейік". Мақсаты. Балаларды көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білу қабілетін дамыту; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге дағдыландыру. Қоршаған ортамен танысу "Балабақша ауласындағы ағаштар". Мақсаты. Балалардың балабақша ауласындағы ағаштар туралы білімдерін қалыптастыру; олардың пайдасы туралы түсінік беру; ағаштарды қорғап, қамқорлық жасай білуге үйрету; көктемде ағашты бақылау дағдыларын жетілдіру. <i>Дидактикалық ойын: "Балабақша ауласындағы ағаштар".</i>	Жаратылыстану "Жаңбырдың пайдасы". Мақсаты. Балалардың жансыз табиғат құбылыстары арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен логикалық пайымдауын және шығармашылығын дамыту. <i>"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.</i> Дене шынықтыру "Егіншілік". Мақсаты. Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру; қимылды ойындар арқылы өртүрлі бағыттарда жүгіру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту. <i>"Ұйқыдағы түлкі!" қимылды ойыны.</i>

Серуен			Бақша ауласындағы өсімдіктерді бақылау. Мақсаты: балаларды көлеңкеде және күн астында өсетін өсімдіктерді салыстыруға шақыру, олардың қайсысы тезірек гүлдейтінін қарау, өсімдіктердің өсуіне жарық қажет екендігі туралы тұжырым жасауға жетелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы тазалау). Мақсаты: ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Алыптар мен құртақандар". Мақсаты: физикалық белсенділікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жылан". Мақсаты: ептілік пен үйлестіруді, үйлесімді әрекет ету қабілетін дамыту.	Алғашқы жәндіктерді бақылау. Мақсаты: күн жылынып, топырақ еріп, жәндіктердің оянғанына назар аудару. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қоқыстан тазалауға көмектесу). Мақсаты: ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қияр". Мақсаты: алға қарай екі аяғымен секіру қабілетін қалыптастыру; бір-біріне соқтығыспай жүгіру; мәтінге сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". Мақсаты: балаларды төмен алқаптан секіруге жаттықтыру.	Желді бақылау. Мақсаты: желді ауа райында ағаштардың басына қарау, байқауды, зейінді дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы бұтақтардан және тастардан тазалау) Мақсаты: еңбекқорлық пен ұжымдық жұмыс қабілеттерін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аюлар мен аралар", "Жапалақ". Мақсаты: балаларды тепе-теңдікті сақтауға баулу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, алға қозғалып екі аяқпен секіру.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, қолдарын жақсылап шаю, беттерін жуу, беті-қолдарын сүлгімен құрғату.				
Үйге қайту	Ата-анамен жұмыс				

Тексерген:Бекишева М.А